

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ шағын-орталық

Тобы: «Айгөлек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2-6 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында)1 «Тәуелсіз және отаншылдық»				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (физикалық, коммуникативтік әлеуметтік -эмоционалды іс-әрекет) Күй күмбірі(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.«Өнегелі 15минут» (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс- әрекеттер)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсаты: Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауды үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Тенге алу»				
	Қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс- әрекет)	Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. (шығармашылық, коммуникативтік іс- әрекет)	Үстел-үсті ойын «Әдемі үйшік» Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады (шығармашылық , танымдық- зияткерлік іс-әрекет)	Сюжеттік ойын «Шаштараз» Мақсаты:Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. (коммуникативтік, әлеуметтік- эмоционалды іс- әрекет)	Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету (танымдық- зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу №1 (қыркүйек айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				

ҚР әнұран орындау(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)					
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Достар жұптары". Мақсаты: Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету. (Физикалық, коммуникативтік әлеуметтік - эмоционалды іс-әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Асық ату» ойыны	Музыка "Балабақша әніміз". Мақсаты: Балаларға балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету. (Шығармашылық, әлеуметтік - эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)	Дене шынықтыру "Бір-бірден қатарға тұру". Мақсаты: Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету. (Физикалық, әлеуметтік - эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет) «Тенге алу» ойыны	Қазақ тілі педагог жоспары бойынша	Дене шынықтыру "Қатардан қалма". Мақсаты: Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету. (Физикалық, әлеуметтік - эмоционалды танымдық-зияткерлік іс-әрекет) «Оқтау тарту» ойыны Музыка "Жаңбыр". Мақсаты: Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. (Шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды әлеуметтік - эмоционалды іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Өзіне өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастыру.				
Серуен	Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. Мақсаты: Құстарды танып білу, дене	Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы	Бұлтты бақылау. Мақсаты: Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз.	Өрмекші мен өрмекті бақылау. Мақсаты: Өрмекшінің өмірі	Өзенді бақылау. Мақсаты: Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап

бөліктерін атау; құстарға камқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет» Мақсаты: Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. (Жаңбыр.) (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылды ойын: «Кең қадам». Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге	Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Қимылды ойын: «Кең қадам». Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені	жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Жұмбақ. Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.) (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет) Қимылды ойын. «Маймылдар». Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды	және бәрін атап берулерін қадағалау. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсаты: Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)
---	--	--	--	---

	эмоционалды іс- әрекет)	эмоционалды шығармашылық іс- әрекет)	зияткерлік, әлеуметтік - эмоционалды шығармашылық іс- әрекет)	алады. (әлеуметтік- эмоционалды, шығармашылық іс- әрекет)	зияткерлік әлеуметтік - эмоционалды іс- әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Аманжолова Айвилия нейрожаттығулар жасау (физикалық, шығармашылық іс- әрекет)	Жеңіс Ахмет пайдалы және зиянды тағамдар плакат жасау. (шығармашылық, коммуникативтік іс- әрекет)	Бірлік Оспан қаламды дұрыс ұстауды үйрету. (шығармашылық, та нымдық-зияткерлік іс-әрекет)	Талғат Бекдәулет Отбасы мүшелері жайлы әңгіме жүргізу. (әлеуметтік- эмоционалды, комму никативтік іс- әрекет)	Тоқтарбек Аяла көлік түрлерін ажырата білуге баулу. (Шығармашылық, әлеуметтік- эмоционалды іс- әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді



А.К.Момбекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ шағын-орталық

Тобы: «Айгөлек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 9-13 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында) 1 «Тәуелсіз және отаншылдық»				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (физикалық,әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік-әрекет) Күй күмбірі(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. «Өнегелі 15минут» (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп» Мақсаты: Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіп сақтауды, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Тенге алу»ойыны				
	Үстел үсті ойыны «Мозаика» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып, дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды ,	Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл» Мақсаты: Өз еріктерімен суреттерді бояуды үйрету. (шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)	«Мозаика» Мақсаты: Балаларға әртүрлі заттарды, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (коммуникативтік, шығармашылық іс-	«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Тілдерін дамыту. (коммуникативтік,та танымдық-зияткерлік іс-әрекет)	Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?» Мақсаты: Балаларды өз еріктерімен ойнату. Геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. (әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-

	танымдық- зияткерлік іс- әрекет)		әрекет)		зияткерлік іс- әрекет)
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу №2 (қыркүйек айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). Кранцранды орындау (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Қатарда жүру түрлері". Мақсаты: Балаларға қатарға бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орыңдықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Асық ату» ойыны	Музыка "Жаңбыр". Мақсаты: Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. (коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)	Дене шынықтыру "Бір орнынан биікке секіру". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету. (физикалық, танымдық- зияткерлік іс-әрекет) «Көкпар тарту» ойыны	Қазақ тілі педагог жоспары бойынша	Дене шынықтыру "Шынықсаң - шымыр боласың". Мақсаты: Балаларға құрсауларды домалатуды үйрету. (физикалық, шығармашылық іс- әрекет) «Тенге алу» ойыны Музыка "Жаңбыр". Мақсаты: Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. (шығармашылық, әлеуметтік- эмоционалды іс- әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Әлеуметтік –эмоционалды, физикалық іс-әрекет) Өзіне- өзі қызмет көрсету				
Серуен	Бақшадағы көгөністерді бақылау.	Гүлдерді бақылау. Мақсаты: Гүлдердің атауларын, оларды бір-	Түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күзгі	Шалшықтағы суды бақылау. Көркем сөз. Сылдырлайды мөлдір	Аула сыпырушының жұмысын бақылау.

(Қырыккабат, кызылша, қызанақ, бұршақ.)(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Тақпақ. Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім.(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Мақсаты: көгөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағам түрінде қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көгөністерді жинау; көгөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауды үйрету. (әлеуметтік-	бірінен ажыратуды үйрету. Тапқырлықты, ақыл-ой ұшқырлығын дамыту. Нарғызгүл (георгин), қашқаргүл (астра), қырмызыгүл (календула). Жұмбақ. Құлпырса қадірлейді, аялайды, Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл.) Бакылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауды үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша және тағы басқа). Күзгі гүлдердің сұлулығын сезінуге тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс-әрекет) Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар». Мақсаты: Қимыл шапшаңдығы мен ептілікті дамыту. Ағаштарға өрмелеп	табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ.) (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт». Мақсаты: Ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету. Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып бару, кері жүгіріп қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем». Мақсаты: Балалардың бірлесіп ойнауларын ұйымдастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық	су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқауды үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». Мақсаты: Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)	Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Мақсаты: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылды ойын. «Құнан шабысы» Мақсаты: Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. (физикалық,
---	--	---	--	---

	эмоционалды, коммуникативтік, физикалық іс-әрекет) Қимылды ойын. «Бағбандар». Мақсаты: Балаларды бақшаны бірлесіп жинауды үйрету. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) «Көгеністер дүкені». Мақсаты: Көгеністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық және белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көгеністер мен жемістер туралы алған	шығып, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетімен ойнайтын ойындар. Мақсаты: Түстерді үйлестіруді үйрету. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)	коммуникативтік іс-әрекет)		коммуникативтік іс-әрекет)
--	--	--	--	--	--

	білімдерін бекіту. (коммуникативтік, әлеуметтік- эмоционалды, физикалық іс- әрекет)				
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет) Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	"Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу". Мақсаты: Балалардың ұғымдарында мекенжай туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстандағы ауыл мен қала елді мекендер мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды физикалық іс-әрекет) Дидактикалық ойын. «Көрші-көрші». Үстел ойындары: лото, домино. (танымдық-	"Арқасын жиырған мысық". Мақсаты: Балаларға арқасын жиырған мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру. Ойын-жаттығу. "Бірдей мысықты тап". Мақсаты. Байқампаздықты, сөйлеуді, зейінді, ойлау қабілетін дамыту. Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата». Мақсат. Түсті қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын	"Сұр қоян". Мақсаты: Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуді үйрету. (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды физикалық іс-әрекет) «Пішінді құрастыр». Мақсаты: Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. (шығармашылық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)	"Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері". Мақсаты: Балалардың тәулік бөліктері жөнінде, "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру. (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет) "Ормандағы оқиға". Мақсаты: Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. (коммуникативтік, әлеуметтік-	"Ханзада бақа". Мақсаты: Балаларды ағайынды Гриммнің "Ханзада бақа" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруды үйрету. (коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет) «Жұбын тап». Мақсаты: Геометриялық пішіндерді қайталау, оларды салыстыруға жаттықтыру. (шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)

	Мақсаты: Сөйлеу тілін дамыту. (коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)	біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. (танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)	қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; (танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)	саусақ театры арқылы сахналау. (коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)	(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді



А.К.Момбекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ шағын-орталық

Тобы: «Айгөлек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 16-20қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	« Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 1 «Тәуелсіз және отаншылдық»				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс әрекет) Күй күмбірі (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. («Өнегелі 15минут» Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	"Орындықтарды жуу". Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануды, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық-іс-әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру Күш сынасу ойыны				
	«Емхана» сюжетті-рөлдік ойын. Мақсаты: Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. (коммуникативтік,	Құрылыс ойындары «Аспалы көпір». Мақсаты: Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. (шығармашылық, танымдық-зияткерлік әлеуметтік-эмоционалды іс-	«Кім зейінді?» Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. (танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық іс-әрекет)	Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап». Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. (әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс-әрекет)	Дидактикалық ойын. "Жамауын тап". Мақсаты: Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. (шығармашылық, әлеуметтік-

	әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)	әрекет)			эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу №2 (қыркүйек айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қр әнұранды орындау. (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы) «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық іс-әрекет)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Біз алғырмыз". Мақсаты: Балаларға аяқтың ұшымен жүгіруді; гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Көрпешек» ойыны	Музыка "Ата-ананы тыңдаймыз". Мақсаты: Балаларды ата-ана туралы әннің сын-сипатын ажыратуды үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды шығармашылық іс-әрекет)	Дене шынықтыру "Бөренемен төрттағандап жүру". Мақсаты: Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету. (физикалық, шығармашылық іс-әрекет) «Жорға жарыс» ойыны	Қазақ тілі педагог жоспары бойынша	Дене шынықтыру "Кедергіден өту амалдары". Мақсаты: Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет) «Күш сынасу» ойыны Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсаты: Балаларға әнді тыңдай отырып,

					мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету. (шығармашылық, әлеуметтік эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)Өзіне өзі қызмет көрсетуде қабілетін қалыптастыру				
Серуен	Ағаштарды бақылау. Көркем сөз. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. (физикалық, әлеуметтік эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет) Мақсаты: ағаштардың 2-3 түрін сыртқы белгілерінен (шырша, қайың, терек) тану және ажырату. Маусымдық өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар	Шөптің солуын бақылау. Жұмбақ. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер.) Мақсаты: балалардың ұғымындағы шөптің түрінің өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту. (коммуникативтік, физикалық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Қимылды ойын. «Көгершін» ойыны. Мақсаты: Аланда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге	Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау. Жұмбақ. Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын.) (физикалық, әлеуметтік эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет) Мақсаты: күз мезгілінде шыбын-шіркейлердің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты	Саңырауқұлақты бақылау. Жұмбақ. Сырты бүтін, Іші түтін. (Саңырауқұлақ.) Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы. Улы – шыбынжұт (мухомор), бозарыңқы арамқұлақ. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Мақсаты: Саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)	Жапырақтардың түсуін бақылау. Жұмбақ. Ағайынды бәрі, Шыкса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ.) Мақсаты: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін толықтыруды жалғастыру; жалаңаш ағаштар. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты тануды және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды,

	белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. (коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)	мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету. (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)	тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)	пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру. (танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)	көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. (коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді:



А.К.Момбекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ шағын-орталық

Тобы: «Айгөлек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 23-28 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	« Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1 «Тәуелсіз және отаншылдық»				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды ,коммуникативтік іс әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу. (коммуникативтік ,шығармашылық іс- әрекет) «Өнегелі 15минут» (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс- әрекеттер)	"Кітап бұрышындағы еңбек". Мақсаты: Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Тақия тастау» ойыны				
	Құрылыс ойындары "Қуыршақтарға арналған үй". Мақсаты: Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиінақтылыққа дағдыландыру. (шығармашылық , коммуникативтік	Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар». Мақсаты: Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау кабілеттерін жетілдіру. (коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. (танымдық- зияткерлік, шығармашылық іс- әрекет)	Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер". Мақсаты: «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. (шығармашылық,	Суреттерді бояу Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсаты: Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (физикалық, шығармашылық іс- әрекет)

	іс-әрекет)			коммуникативтік іс-әрекет)	
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу №2 (қыркүйек айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана! Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам! Алтын күз жайлы әңгімелесу. (коммуникативтік, физикалық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Қр әнұранды орындау (Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Кедергілерден өту ойындары". Мақсаты: Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету. (әлеуметтік- эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс-әрекеті) Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Асық ату» ойыны	Музыка "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсаты: Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету. (шығармашылық, әлеуметтік- эмоционалды физикалық іс-әрекет) Дидактикалық ойын. "Күннің көзі және бұлт" (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс- әрекет).	Дене шынықтыру "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру. (әлеуметтік- эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс- әрекеті) «Жорға жарысы» ойыны	Қазақ тілі педагог жоспары бойынша	Дене шынықтыру "Күздің қызықтары". Мақсаты: Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету. (әлеуметтік- эмоционалды, физикалық іс-әрекет) "Басына қап қою" қимылды ойыны. Мақсаты: Денесін тік ұстап жүруді үйрету (физикалық, коммуникативтік іс- әрекет) «Тенгеалу» ойыны Музыка "Жапырақтар сарғайды". Мақсаты: Балалардың әнді тыңдай отырып, сыр- сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін

					калыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. (шығармашылық, физикалық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс-әрекеті) Өзіне өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Мақсаты: балабақша алаңында өсетін қылқан жапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап:	Бұтақтарды бақылау (итмұрын, мамыргүл (сирень), кара жемісті шетен, мойыл). Жұмбақ. Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.) (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс әрекет) Мақсаты: сыртқы	Жеміс ағаштарын бақылау. Тақпақ. Жеміс біткен бау-бақша, Жемін жайды жан-жаққа. Бақта құстар сайрады, Құйқылжытып сан-саққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып. Арам шөпті	Торғайды бақылау Мақсаты: Торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Торғай - епті құс, ол бұтақтан-бұтаққа қорықпай секіреді, ол дәндер мен тұқымдарды шоқып жейді. Ол барлық	Ауа райын бақылау. Мақсаты: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүйеге баулу. (әлеуметтік-эмоционалды,

	қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті. Табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылды ойын. «Бос орын». Мақсаты: Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Табиғат бұрышының мекендеушілерін коректендіру. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)	белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылды ойын. «Белгіні тыңда». Мақсаты: Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету. (шығармашылық, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)	жұламын.(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Мақсаты: балаларға ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайтынын, піскен жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимылды ойындар. «Қоян мен қасқыр». Мақсаты: Мәтіннің мағынасына сәйкес әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)	жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) "Допты ұста" ойыны. Мақсаты: Допты екі қолмен лақтыру және ұстау дағдыларын бекітуді жалғастырыңыз. (коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)	коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетімен ойналатын ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Мақсаты:Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау. (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс-әрекеті)				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Менің өлкем".	Сурет салудан ойын-жаттығу. Ыдыстар.	Қоршаған ортамен таныстыру ойын-жаттығу.	«Балықшы». Мақсаты: Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін

	Бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)	1) Дөп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар. (коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)		ызында З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызындайды маса. (коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)	бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді:  А.К.Момбекова